

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының аумағындағы бірегей және сирек ландшафттарды сақтау жөніндегі шаралар туралы" өкімінің жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 13 мамырдағы N 528 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының аумағындағы бірегей және сирек ландшафттарды сақтау жөніндегі шаралар туралы" өкімінің жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

**Қазақстан Республикасы Президентінің
Өкімі Қазақстан Республикасының аумағындағы бірегей және сирек
ландшафттарды сақтау жөніндегі шаралар туралы**

Қазақстан Республикасының аумағындағы ерекше рекреациялық маңызы бар бірегей және сирек ландшафттарды сақтау мақсатында:

1. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы және Қоршаған ортаны қорғау министрліктері, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері, Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы, Қазақстан Республикасының Туризм және спорт ж ө н і н д е г і а г е н т т і г і :

туризм және рекреацияның мәні ретінде ерекше экологиялық және мәдени құндылығы бар қоршаған орта объектілерін сақтау жөнінде қажетті шаралар қ а б ы л д а с ы н ;

ерекше рекреациялық маңызы бар бірегей және сирек ландшафттардың табиғи экологиялық жүйелерінің жай-күйіне тұрақты бақылау орнатсын, олардың а з ы п - т о з у ы н а ж о л б е р м е с і н .

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі:

үш ай мерзімде Щучинск-Бурабай курорт аймағы, Медеу және Шымбұлақ шатқалы аумақтарына республикалық маңызы бар мемлекеттік табиғи қорық қорының объектісі мәртебесін беру туралы мәселені қарасын және шаруашылық қызметіне тыйым салулар мен шектеулер белгілеу жолымен оларды қорғауды қамтамасыз етсін;

алты ай мерзімде жергілікті халықтың әлеуметтік-экономикалық факторларын және мүдделерін ескере отырып, туризм мен рекреацияны дамыту мақсатында ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды ұтымды пайдалану жөніндегі түбегейлі шараларды ә з і р л е с і н ;

қорғау аймақтарын қоса ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың құқықтық режимінің сақталуын және олардың мақсатты пайдаланылуын бақылау жөніндегі қажетті шараларды қабылдасын.

3. Осы өкімнің орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне жүктелсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК